

БЕКІТІЛГЕН

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті»
АҚ

Басқармасының шешімімен

2026 жылғы «18» маусымдағы хаттама



**ЖАТАҚХАНАЛАРҒА ОРНАЛАСТЫРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН БАҒА ПРЕЙСКУРАНТЫ
«АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ
2026–2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА**

№ р/с	Қызметтердің атауы	Құны, теңге	Есептік кезең	Ескертпе
1	«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жатақханаларына 2026–2027 оқу жылына орналастыру қызметтері:			
1.1.	күндізгі оқу нысанындағы бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар үшін, 1 төсек-орынға	25 000,00	күнтізбелік ай	№ 1 жатақхана, Алматы қ., Жароков көш., 104
		25 000,00	күнтізбелік ай	№ 2 жатақхана, Алматы қ., Жароков көш., 104
		25 000,00	күнтізбелік ай	№ 4 жатақхана, Алматы қ., Досмұхамедов көш., 15
		35 000,00	күнтізбелік ай	№ 3 жатақхана, жалпы блок (В), 1–4-қабаттар, Алматы қ., Жароков көш., 104
		45 000,00	күнтізбелік ай	№ 3 жатақхана, секциялық блок (А), 3–4-қабаттар, Алматы қ., Жароков көш., 104
1.2.	күндізгі оқу нысанындағы магистратура білім алушылары үшін, 1 төсек-орынға	45 000,00	күнтізбелік ай	№ 3 жатақхана, жалпы блок (В), 1–4-қабаттар, Алматы қ., Жароков көш., 104
		55 000,00	күнтізбелік ай	№ 3 жатақхана, секциялық блок (А), 3–4-қабаттар, Алматы қ., Жароков көш., 104
1.3.	бакалавриат және магистратура білім алушылары үшін шартта белгіленген мерзімнен кейін тұру ұзартылған жағдайда, 1 төсек-орынға	1 250,00	тәулік	№ 1, № 2 және № 4 жатақханалар
		1 750,00	тәулік	№ 3 жатақхана, жалпы блок (В) — бакалавриат білім алушылары үшін
		2 250,00	тәулік	№ 3 жатақхана, секциялық блок (А) — бакалавриат білім алушылары үшін
		2 250,00	тәулік	№ 3 жатақхана, жалпы блок (В) — магистратура білім алушылары үшін
		2 750,00	тәулік	№ 3 жатақхана, секциялық блок (А) — магистратура білім алушылары үшін
1.4.	академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша күнтізбелік 30 күннен астам мерзімге орналастырылатын және университетаралық келісімнің талаптарына сәйкес тұру ақысын төлейтін шетелдік білім алушылар үшін, 1 төсек-орынға	45 000,00	күнтізбелік ай	№ 3 жатақхана, секциялық блок (А), 2-қабат, Алматы қ., Жароков көш., 104
1.5.	30 күнтізбелік күнге дейін қоса алғанда уақытша (қысқа мерзімді) орналастырылатын тұлғалар үшін, 1 төсек-орынға:			
	жалпы блок (В)	5 000,00	тәулік	№ 3 жатақхана, 1–4-қабаттар, Алматы қ., Жароков көш., 104
	секциялық блок (А)	10 000,00	тәулік	№ 3 жатақхана, 3–4-қабаттар, Алматы қ., Жароков көш., 104
1.6.	ұзақ мерзімге (күнтізбелік 30 күннен астам) орналастырылатын Университет қызметкерлері, сондай-ақ Университет тартатын шақырылған оқытушылар, мамандар және өзге де тұлғалар үшін	60 000,00	күнтізбелік ай	ауданы 12 м² бөлме, № 3 жатақхана, секциялық блок (А), 1-қабат, Алматы қ., Жароков көш., 104
		80 000,00	күнтізбелік ай	ауданы 18 м² бөлме, № 3 жатақхана, секциялық блок (А), 1-қабат, Алматы қ., Жароков көш., 104
		120 000,00	күнтізбелік ай	2 бөлмеден (ауданы 18 м² және 12 м²) тұратын секция, № 3 жатақхана, секциялық блок (А), 1-қабат, Алматы қ., Жароков көш., 104

Ескертпелер:

- Бакалавриат және магистратура білім алушыларының негізгі тұру кезеңі жатақханада тұру қызметтерін көрсету шартымен айқындалады. Шартта белгіленген тұру мерзімі аяқталғаннан кейін тұру мерзімі ұзартылған жағдайда осы Прейскуранттың 1.3-тармағында көзделген тәуліктік тариф қолданылады. Тұру мерзімін ұзарту Университет белгілеген тәртіппен ресімделеді.
- Осы Прейскуранттың 1.3-тармағында көзделген тәуліктік тарифтер қосымша тұрудың нақты тәулік санына қолданылады.
- Нақты жатақхананы, блокты, бөлмені және төсек-орынды Университет тұрғын үй қорының ұйымдастырылуы мен нақты жай-күйін ескере отырып айқындайды. Білім алушыға орын беру нақты жатақхананы, блокты, бөлмені немесе төсек-орынды бүкіл тұру кезеңіне бекітуді білдірмейді.
- Университет қызметтік, өндірістік немесе өзге де негізделген қажеттілік туындаған жағдайда, оның ішінде жөндеу, реконструкциялау, авариялық немесе санитариялық-техникалық жұмыстар жүргізілуіне, жекелеген үй-жайлардың, қабаттардың, блоктардың немесе жатақханалардың уақытша жабылуына байланысты, тұрушыға басқа тұратын орын ұсыну шартымен оны Университеттің басқа жатақханасына, блогына, бөлмесіне немесе өзге де қолжетімді тұрғын үй-жайына көшіруге құқылы.
- Университеттің бастамасы бойынша тұрушының әрекеттеріне байланысты емес себептермен көшіру кезінде тұру ақысы ұлғайтылмайды. Егер ұсынылған тұрғын үй-жай үшін неғұрлым төмен тариф белгіленсе, сол тұрғын үй-жайға белгіленген тариф қолданылады. Тұрушының өтініші бойынша көшіру кезінде жаңа орналастыру орнының тарифі нақты көшірілген күннен бастап қолданылады.
- Осы Прейскуранттың 1.6-тармағында көзделген тұрғын үй-жайлар Университеттің шешімі бойынша қолжетімді тұрғын үй қоры болған жағдайда беріледі. Тұрғын үй-жайларды беру, бөлу және орналастыру тәртібін Университет айқындайды.
- Академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша шетелдік білім алушылардың тұру ақысын төлеу шарттары мен тәртібі тиісті университетаралық келісімнің талаптары ескеріле отырып айқындалады.